

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UWYS4150>

***Б. Сағындықұлы¹, А. А. Адамова², Б. С. Нурсеитова³,
А. М. Абасилов⁴**

^{1,2,3}Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁴Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университеті,

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

*e-mail: kasabek65@mail.ru

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МӘНМӘТІНДЕГІ КӨРІНІСІ («ДАЛА УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІ» МАТЕРИАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада ақын, ойшыл, тарихшы-этнограф, шығыстанушы М. Ж. Көпеевтің қазақ тілінің қоғамдық маңызы мен қызметі туралы ғылымаралық тұжырымдары қарастырылады. Авторлардың пайымдауынша, Мәшиһүр Жүсіп тіл білімінің әр алуан саласы туралы мол хабардар болып, оны пәнаралық сипатта жсан-жақты пайымдай білген. Ол тіл білімінің грамматикалық құрылысына, тіл мәдениетіне, тілдің тарихына, оның әлеуметтік қырларына, сонымен қатар басқа да ғылым салаларымен байланысына қатысты мәселелерге назар аударып отырған. Өкініштісі сол, осынышама лингвистикалық мұра әлі күнге дейін нақты, әрі толық зерделенбей, түрлі сала зерттеушілерінің, оның ішінде лингвистердің, қаперіне ілінбей келеді. Осыған байланысты мақала авторлары оның лингвистика мен жаратылыстану ғылымының арақатынасы туралы дәлелді көзқарастарын зерттеушілерге ойтүрткі болуы керек деп санайды.

Мақалада сондай-ақ «Дала уалаяты газетінде» жарияланған Мәшиһүр Жүсіп жазбаларын түгендеу, шығармаларын кезеңдеп ретке келтіру және жүйелеу міндеті де қойылады. Себебі 2010 жылы шыққан тұлғалық энциклопедиямен 2013 жылы жарық көрген 20 томдық шығармалар жинағы Мәшиһүр Жүсіптің «Дала уалаяты» газетіндегі мақалаларын толық қамтымаған. Соның бірі ретінде мақала авторлары М. Ж. Көпейұлының қазақ тіліне қатысты жаңа

мақаласын тапқандарын, онда көтерілген мәселелердің қазір де зор мәнге ие екендігін айтады. «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген «К вопросу о тюркских наречиях» атты бұл мақаланы сол тұста қазақ тіліне өзге тілдерден сөз алу қауіптілігіне тойтарыс берген құнды еңбек деп қарастыру керек дейді.

Мақала Мәшһүр Жүсіптің басты бағыт, негізгі ойы қазақ халқының тіл мәдениетіне өте жауапкершілікпен қарағандығы туралы идеясын алдыңғы қатарға шығарады. Сондай-ақ, қазақ тілін басқа тілдермен салыстырғанда мәдениет, өнер санатындағы құбылыс сияқты бағалау қажеттігін түжырымдайды.

Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп, Дала уалаяты газеті, қоғамдық-мәдени санат, лингвобиология, әлеуметтану, тіл тарихы, сөз мәдениеті, грамматика

Кіріспе

Қазақ ілімінде Мәшһүр Жүсіп есімі мен «Дала уалаяты газетінің» алар орны айырықша, тұғыры соншама биік. Қазіргі уақытта Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жан-жақты, әрі барынша тыңғылықты зерделеуден өтті деуге негіз бар. Оның ауыз әдебиеті саласындағы рөлі, поэзиядағы орны, қоғамдық-әлеуметтік танымы мейлінше танылды. Сол сияқты 1888–1902 жылдар аралығында аптасына бір рет шығып тұрған «Дала уалаяты газеті» қазақ қоғамының барлық сағысынан хабар беріп тұрды. Егер аталмыш газет бетіндегі жарияланымдарға көз жіберсек, Баянауыл өңірінен «Ю. Копеев» есімімен берілген бірнеше мақалалар кездеседі. Бұл жерде басты мән беретін жайт сол, мақала аталымы да, оны жазушы автор да орыс тілінде таңбаланған. Бірақ бұл мақала иесі орыс тілінде жазған деген ой туғызбауы тиіс. Себебі 1888 жылдан бастап жарық көрген «Акмолинские областные ведомости» деген газет атауы тек қана 1894 жылдан «Киргизская степная газета» деген атаумен орыс тілінде және «Дала уалаятының газеті» деген атаумен қазақ тілінде жарық көре бастайды. Демек, аталған уақытқа дейін газет ұжымына түскен мақалалар орыс тіліне аударылып басылып келген. Ал Мәшһүр Жүсіптің авторлығындағы мақалалар аталған газет бетінде 1889–1904 жылдар аралығында болды, бірақ тек орыс тіліндегі нұсқасымен жарияланған.

Алыс шетел баспасөзінің шығу, қалыптасу, дамуына көз жіберсек, газет атауларының тарихына да түрлі жағдайлар сеп болып, өзгеріп отырады екен. Мәселен, әлемдік деңгейді алғанда алғашқы баспа материалы 1785 жылы жарық көрген. Ақиқатында, ол газет о бастан «The Daily Universal Register» (Күнделікті жаңалық тізбесі) деп аталғанымен, тек 940-ыншы шығарылымынан кейін ғана атақты «The Times» (Уақыт) есімін иеленген.

Бұл газет аталымының танымалдылыққа ойысқандығы сонша, 1851 жылғы Нью-Йорк газеті де «New York Times» деп жариялана бастайды [1]. Бұл газеттердің шығу тарихы, әлеуметтік мәні кейіннен арнайы зерттеуге де ілікті [2].

«Дала уалаятының газеті» бетіндегі М. Ж. Көпейұлы мақалалары әр тақырыпты қамтыған: адам ғұмырындағы аңызға бергісіз ақиқат; қоғамдық әлеуеттің көрінісі (малшылық, құс); тілек-өлең, оның өзі жергілікті жердің қажетті мәселелерін қозғайды; тарихи және әлеуметтік тұрғыдан аса құнды дүниелер. Сонымен қатар ғалымның тілдің қызметіне қатысты мақаласы да айқындалуы керек еді. Бірақ белгісіз бір себептермен қазақ тіл біліміне қатысы бар бір мақала 20 томдық шығармалар жинағына енбей қалған. Мұны құрастырушылар я байқамаған, я отбасы қолжазбасынан табылмаған еңбек пе екен деп болжаймыз. Аталған кітапта М. Ж. Көпейұлының «К вопросу о тюркских наречиях» атты мақаласы жоқ. Біз оны кейінгі бір шыққан басқа еңбек ішінен тауып, ізденушілер назарына қайта қосып отырмыз. Мұны қазақ тіл біліміне қосылатын тарихи құнды дүние, әрі оның тіл білімінің өзекті бір тұсын ертеден екшегендігі деп білген жөн.

Жоғарыда айтқанымыздай, М. Ж. Көпейұлы қазақ өмірінің барша қасиетін, қоғамдағы тылсым күштердің түгел сипатын мейлінше жазып, соңғы ұрпаққа аманат етіп кеткен. «Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, фарсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары. Жаңа араб, фарсы, түрік кітаптарын көп оқыған» [3, 9] деген Ә.Марғұлан тұжырымының аталмыш мақалаға тікелей бағыт болғаны анық.

Материал мен әдістер

Мақалаға Мәшһүр Жүсіптің жиырма томдық шығармалар жинағы басты бағыт болды. Әсіресе, ғалымның «Дала уалаяты газетіне» ұсынған жарияланымдарын таразылау қолға алынды. Мұның өзіндік себебі бар. Аталған жиырма томдық шығармалар жинағы «Дала уалаяты газеті» бетіндегі барлық мақалаларды толық қамтымаған деуге негіз бар. Мақала кіріспесінде айқын аңғартылғанындай, бір мақаланың мән-жайы бұл кітаптан орын алмаған. Сондай-ақ, ойшыл тұлғаға арналған тұлғалық энциклопедия да ертедегі газет-журнал бетіндегі мақалаларды толық екшеп, қажетті түсінік бермеген деген ойға тоқтадық. Демек, аталған еңбектер мақаланың нақты материалы ретінде жұмсалды. Ал бұлардың ғылыми-теориялық негізін таныту үшін қазақ тіл білімі көрнекті өкілдерінің тұжырымдарды тартылды.

Мақала деңгейіндегі зерделеулер диахрондық әдіс талаптарын қажет қылды. Бұл өз кезегінде алғашқы қазақ газеттеріне, оның ішінде тақырыпқа арқау болып отырған «Дала уалаяты газетіне», жүгінуге алып келді. Өз ойымызды жеткізуде синхрондық тұрғыдағы тұжырымдарды басты бағыт еттік. Нәтижесінде, шығармалардың сәйкестік/сәйкеспешілігін саралау әдісі қолға алынды.

Қолға тиген материалдардың сандық/сапалық еншісін айқындау мақсатында статикалық әдістің бергені мол болды. Сонымен бірге тілдің ішкі жүйесіне қатысты грамматика құндылығын көрсететіндей тұжырымдарды анықтау әдісі пайдаланылды. Анықтау – сапалы талдау (анализ) жасаудың нәтижесі. Бұл тақырыпқа қатысты іс-оқиға, құбылыстың жиілік сипаттамасына қанық лингвистикалық жүйені құраудың сипаттау әдісі болып саналады.

Нәтижелер мен талқылау

Бір мың жеті жүз шамасындағы мақаламен жарық көрген Мәшһүр Жүсіптің тұлғалық энциклопедиясы қазіргі қазақ іліміне қосылған мол үлес болды. Энциклопедия жазбаларын тақырыбымызға жақындата таратсақ, еңбек «Дала уалаяты газетіне» қатысты жеке мақалалық деректі бекіткен. Соның ішінде мақала авторларының бірі ретінде М. Ж. Көпейұлының қызметін нақты атаған: «Мәшһүр Жүсіп ел аузынан жинаған сөздерін 1988–1895 жылдары «Дала уалаяты газетіне» жіберіп тұрады. Сонымен бірге басқа мәселелер жайында да мақалалар жазып тұрған» [3, 180]. Дей тұрғанмен, аталған газетте жарияланған Мәшһүр Жүсіп еншісіндегі мақалалар толық емес, сол себепті оларға энциклопедиялық түсінік те берілмеген. Біздің байқауымызда, энциклопедия авторлары аталмыш газет бетіндегі мақалалардың тек екеуін ғана анықтаған. Әрі олардың атауларының өзінен сәйкессіздік байқалады. Мәселен, «Дала уалаяты газетінде» «Баянауылдан» деп берілген мақала энциклопедия еншісіне «Баянауылдан хат» нұсқасымен бекіген. Ал газет бетіндегі «Малшы Алтай» мақаласы «Алтай туралы» деген атаумен тізбектелген. Әрине, мақала атауларынан қателік іздеу дұрыс та болмас. Ең бастысы, сол мақалалар туралы, оларда көтерілген мәселелер жайын энциклопедия құрастырушылары дұрыс аңғартқан. Бірақ «Дала уалаяты газетіндегі» басқа мақалалардың энциклопедия құрастырушылары назарынан тыс қалғандығы ғылыми ізденуге аз да болса көлеңкесін түсіріп тұр.

Мәшһүр Жүсіпке арналған шығармалар жинағының жиырма томдығы да өз оқырмандарымен қауышты. Аталған еңбектің он үшінші томы «Дала уалаяты газеті» мен «Айқап» журналында жарияланған мақалаларды жинақтаған. Осы томда жалпы саны жиырма сегіз мақала берілген. Бірақ олардың алғашқы он үшінші қазақша-орысша нұсқалы екендігін ескеруіміз

керек. Осы мақалалардың жиырма алтысы, дұрысы он үші «Дала уалаяты газетінің» еншісінде. Екіншіден, «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» деген атаудағы мақала, кітап құрастырушыларының түсіндіруінше, 1929 жылы Ташкентте басылым көрген. Кейіннен «Қазақ халық ертегісі» кітабының 1-томына енген екен. Ал мақаланың енді бірі «Туысқан бауырларыма бір насихат» деген атпен «Айқап» журналының 1912 жылғы № 7 шығарылымында басылған. Бұл мақаланың да айтары мол болды.

«Туысқан бауырларыма бір насихат» мақаласы Абай ғақлиясы іспеттес өнеге-өсиетке толы. Әрі «ғақлиялық» мұраның тілдік сипаты күні бүгінге дейін зерделенген жоқ. Біздіңше, мәнмәтіндік құрылым, ондағы ой тиянақтылығы мен қанықтығы, сөйлем құрылыстарының өзгешелігі болашақ зерттеушілерге түрткі болады деп үміттенеміз. Ойшыл ақын мақаласында «Әй, қазақ ағайындар! Жылдан жылға кедей болып, жоқ жерде малдарыңнан айырылып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көреміз? «Қыс алды, боран алды» дейсіз, қыс пен боран алатұғын болса, қоян неге өлмейді, торғай неге өлмейді? Бораннан ығып, суықтан үсініп бір қоянның, бір торғайдың өлгенін көрген жан жоқ. ...Осыншама кемшілік, осыншама қорлық қайдан келіп жатыр? Ол нығметтің қадіріне жетіп, шүкірана қылмағаныңнан болып жатыр» - дей келе, - Ғылым-білімі жоқ надан жұрттың қылған патшалығын ғылым-білімді әдебиеттен камыл жұрттардың патшалығымен бір бәс қылып сөйлеп, қара қазақтың көңілін жақсы ниеттен, ізгі пиғылдан азғыруға көп себеп болды» [4, 108]. Айтса айтқанындай, қазақ жұртының жай сөзге сеніп, білім-ғылымға бас ұрмай, бос жүріске қынжылған Мәшһүр тұжырымы бүгінгі күні де көкейтестілігін жоғалтқан жоқ.

«Түркістан уалаяты газетінен» кейін қазақ даласына тараған екінші басылым «Дала уалаяты газеті» еді. «Газет негізінде жергілікті отаршылдық-әкімшілік органдардың ресми органы болғанымен, халықты отаршылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақырып, тәрбиелеуде едәуір роль атқарды, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады. Оның бетінде қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ресми іс қағаздарын жүргізу жөніндегі мақалалар жарияланды, ғылыми стильдің негізі қаланды, аударма тәжірибесінің алғашқы қадамы жасалынды, араб графикасына негізделген қазақ жазбасында тұңғыш рет тыныс белгілері қолданылды» [4, 10]. Мұндағы ең басты ақиқат сол, газет «қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады». «Дала уалаяты газетінің» еншісіндегі мақалалардың бірі Мәшһүр Жүсіптің қазақ тілінің жалпы жайы: оның басқа тіл сөздерімен шұбарланбауы және басқа тілдермен салыстырғанда озық мәдениеті туралы мақала болып отыр. Сондықтан бүгінгі күнгі аталған мақала әрі теориялық, әрі практикалық жақтан

ескерілмей, назардан тыс қалып, құндылық мәнін жоғалтудың аз-ақ алдында болды деп білеміз. Әрі бұл жайт барынша, әрі жан-жақты тоқталуды қалайды.

Осы газеттің 1890 жылғы № 23 жарияланымында Мәшһүр Жүсіптің «К вопросу о тюркских наречиях» деген мақаласы басылады. Біздіңше, отбасылық қолжазбалар қорында аталған мақаланың қазақша нұсқасы сақталған болу керек. Ал қазіргі қолға түскені 1993 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары құрастырған ««Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер» деген атаумен жарыққа шыққан еңбек. Еңбек авторлары «Қазан революциясына дейінгі баспа беттерінде қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген мақалаларды іздеп тауып, жинақ қылып оқушы қауымға ұсынады». Соның ішінде «Дала уалаяты газетіндегі» материалдарды Б. Әбілқасымов әзірлеген екен.

Бүгінгі күні мәлім болып отырғанындай, аталған газеттің шығуына көп уақыт өтпей-ақ, тіл туралы айтыс өрбиді. Мәселен, «1890 жылғы осы газеттің 6-санында Дінмұхамет Султанғазиннің «Біздің қазақ тілі туралы 5–6 ауыз сөз» деген көлемді мақаласы жарияланады. Осыдан кейін газеттің сол жылғы 20-санында «Тәржіман» газетінің «Түркі лұғаттары туралы» деген мақаласы көшіріліп басылады. Оған іле Ж. Көпеев, М. Рамазанов деген кісілердің мақалалары жарияланады» [5, 9]. Авторлар мақаласы аталымы жағынан ұқсас. Сондықтан мақала атауына «из Баян-аула, из Зайсана» айқындауыштары қосақталған.

Аталған мақаласында Мәшһүр Жүсіп, ең алдымен, газет мақсатын алға тарта отырып, сөздің әлеуметтік қызметіне сәйкес ойын былайша түйеді (дәйексөздер түпнұсқа тілінде беріледі): «Так как издание это предназначено для степного киргизского населения, то поэтому язык его должен быть чисто киргизский и отличаться простотою изложения. Родной национальный диалект вполне понятен и предпочителен пред чужими. ...В случае неумеренного пользования иностранными словами и выражениями из тюркских наречий, многие читатели не будут понимать или поймут не в прямом значении, а позвуковому составу, а потом цель не будет достигнута вполне» [5, 191]. Ең алдымен, мақала авторы газеттің дала қазағына арналғанын тектен-текке айтып отырған жоқ. Ол осы газет арқылы туған халқына бағыт сілтеудің жолы ашылды деп білді. Екіншіден, қазақ ұлты ауыздан шыққан сөзіне де аса ықылас аударатынын жеткізіп, тіл тазалығының аса жоғары орында екенін паш етті. Сондықтан да ақын қазақ сөзінің төркініне мұқият болуды қалады. Осыдан барып оның өлең құрылысы да *Ешкім жоқ: таптан озып, шеннен шыққан, Бос сөзге болыпсыздар деннен шыққан. Білуші зер қадірін зергер болса, Сөз – асыл жауһар сондай кеннен шыққан* деп түзіліп отырды.

Автор қазақ тіліне басқа тілдерден сөз қабылдауға қатысты пікірін де қосақтайды. Бұл аталмыш газет бетінде аса талас тудырған көкейтесті мәселе болған еді. Ғалымның «Соблюдение арабско-персидской транскрипции в словах, вошедших в киргизский язык, поведет читателя-киргиза к не пониманию читаемого, вследствие большого изменения иностранных слов как в произношении, так и нередко в значении» [5, 191] дегенінің соңы «басқа тілде жеткізілген сөздің ұғымы дала қазағын басқа мағынаға жетелейді, сондықтан да ұлттық сөздің фонетикасын сақтаудан аулақтамау керек» дегенге саяды. Шын мәнінде, ғалым ұсынысы көп жайтқа тосқауыл боларлықтай қауқарда еді. Бірақ бопсалай енген басқа тіл сөздері, кейіннен жаппай үрдіске айналды. Мәселен, аталмыш газет беттерінде сол уақыт шамасының өзінде *генерал, губернатор, судья, редакция, партия, почта, солдат, станция* сынды сөздер молынан кездескен. Сөздердің басқа тілде қанат жаюына сол кезде тіл айтысына түскен мақала авторларының өздері себепкер болып отырған.

Басқа тілден енген сөздердің транскрипциясын сақтап, қазақ қатысымына дендеп енуі айтылымды бұзды, жазылымды «жөнге» салды, тыңдалымы сана қабылдауына әсер етті. Нәтижесінде, көптеген сөздер тіл шұбарлауының нақты көрінісіне әкелді. Мәселен, 1924 жылы шақырылған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» айтылған баяндама тезистері Мәшһүр Жүсіп көтерген мәселенің шындыққа айналғанын аңғартады. Осы жиында Е. Омарұлының «Тілдің тетігі сол тілмен сөйлейтін елде, - бұқарада. Елдің тілі сырттан бір төтенше себеп болмаса, еркімен өзгеріп, өркендей беруге тиіс» [6, 47] дегені бар. Е. Омарұлы заманында тілдің «еркімен өркендеуіне» тұсау салынды. Ақтандақ уақыттың кесірін қазақ тілі бүгінгі күнге дейін тартып келе жатқаны ақиқат.

Сөздің өнер сипатындағы қасиеті қазақ ілімінде қашанда болса алдыңғы орында тұрып келді. Байқасақ, оның бастауында Мәшһүр Жүсіп те болған. Газет мақаласында түркі тілінің басқа тілдермен салыстыра қарағанда анағұрлым асқаралы екені сипатталады. «По словам улем арабский язык – медь, персидский сахар, а тюркский – искусство. Знание других языков не так обогашает ум, как тюркский, который считается самым разнообразнейшим из всех языков. В него как доказывают, входят слова из 92 языков, переделанные на разные национальные лады» [5, 192]. Егер мәдениет – жалпы өркениеттің бастау көзі болса, сол мәдениетке тіл өнері сайып отырса, онда ондай тілдің байлығы күмән туғызбаса керек. Мәдениет, өнер санаттары қатар жұмсалатын ұғымдар. Ал оның қатарына үшінші бір құбылыс ретінде тілді балау оның қоғамдық сипаты мен қолданылу аясын түгендеудің жолы деп түсінген абзал.

Ғалым мақаласының енді бір арнасы тілдің әлеуметтік сипатына арналады. Төмендегі дәйексөздік мәліметтің казіргі күнгі әлеуеті де жоғала

қоймағаны анық: «Степняк киргиз, живя пять-шесть лет, например, в Бухаре, настолько изучает сартовский язык, что не уступает, в знании самым сартам, а живя в странах Аравии, перещеголяет арабов. Сарты и татары, проживающие в степи даже 40–50 лет, не могут вполне усвоить киргизский диалект, не в состоянии правильно произносить слова, что вызывает смех киргизов» [5, 192]. Енді бір жағынан, мұнда қазақ санасының кеңдігі, әлде кемдігі жатыр ма екен, кім білсін! Әйтсе де В. Гумбольдтің ілімінің қанықтығы айқындала түсетіні анық. Естеріңізде болса, Гумбольдтің ілімі бойынша «Тіл – аяқталған іс немесе зат емес, ол – қызмет. Тілде рухани өмірдің нәтижелері ғана емес, өмірдің өзі де көрініс табады. Тіл – адамның бүкіл іс-әрекетінің негізі болып табылатын адам рухының басты қызметі. Адамды адам ететін күш – тіл. Адам өзінің тілдік қабілетін оята отырып, басқалармен тілдік қарым-қатынас жасай отырып, әр уақытта өз күшімен өзінің тілін жасайды» [7, 38]. Сонымен, бір мақаланың өзінде ұлтқа азық боларлық пайымдаулар орын алған. Мақала авторы тек теориялық сипатты тұжырым ұстанбаған. Ол сонымен бірге, мәселен парсы тіліне тән сөз-мысалды келтіріп, оның қазақ ортасында мүлде басқа мағынаға ие болатынын, ал қазақ тілінде орын алатын белгілі бір сөздердің басқа тілде мүлдем өзге мағынада қолданылатын алға тартып отырған. Бұл жайт араб-парсы сөздерінің қазақ тілі біліміне ену үрдісін байқатады. Әрі сол кездегі саяси-қоғамдық, тарихи-мәдени бағытты барынша жеткізеді.

Әрине, Мәшһүр Жүсіптің бір мақалалық басылымымен оның бар тілдік танымын жайып салу мүмкін емес. Сондықтан бұл тұлғаның тілге, оның табиғи қызметіне, атап айтқанда етістік баптары жайлы талдауына, жаратылыс, яғни биологиялық нысан ретіндегі белгісіне және қоғамдық, яғни тілдің тарихи һәм әлеуметтік сипатына қатысты тұжырымдарын айшықтау қажет деп білдік. Біздің бағамдауымызда, Мәшһүр Жүсіптің тіл біліміне қатысты өзіндік сараптаулары назардан тыс қалып келеді. Мәселен, оның «Етістіктің баптары» атты таразылауы әлі де болса зерделенбеді десе артық айтқандық емес. Бұл мәселе ғалымның тіл білімінің сарптық (морфология) жүйесіне де мән бергендігін байқатады. «Етістіктің баптары. Баптар дегеніміз – түбір етістіктің мағыналық (сан, сапа, қимыл бағдары, халы) жағынан өзгергенін көрсететін ерекше құрылыстары. Әрбір бап белгілі бір қимылдық мағынаны білдіреді» [8, 89]. Мәшһүр Жүсіптің пайымдауында, алғашқы түбір етістік алты баптан, екіншісі бір баптан, ал үшінші бағамдағы туынды етістік он екі баптан тұрады да, төртінші саралаудағы туынды етістік үш баптан болады.

Ғалым араб грамматикасын мысал етсе де, етістіктің жасалуы мен мағыналық топтастыруын көрсететіндей пікір айтады. Мәселен, оның араб тіліндегі үш және төрт дауыссыз дыбыстан тұратын түбір етістік

пен олардың кейбір әріптердің қосылуы арқылы жасалған туынды етістік сынды ойлары жалпы тіл білімінің талаптары болып табылады. Мұндай жеке дыбыстар тіркесінен болатын құрылыстық жүйені қазақ грамматикасы пайдаланып келді. Тіпті, бұл шама аса жоғары ғылыми еңбекке ауысты. Ә.Қайдаров өз еңбегінде бір буынды сөздерге қатысты қорытындысында «они преимущественно отражают исконно казахскую лексику» - дейді [9, 52]. Жалпы, он бес беттен асатын мақалада етістіктің мағыналық тобы, шақтық сипатына қатысты бірқатар мәселелер көтерілген. Және ол тек араб тіл біліміне қатысты тоқырап қалмай, барлық тілдік, оның ішінде қазақ тілі біліміне де орайластырылып отырса игі.

Біздің байқауымызда, тілді жаратылыстану бағытында сипаттау бұрын-соңды болмаған. Ғалым тіліндегі «бау-бақша» көп адамның бір жерге бас қосқаны, демек, сөз ортасы. Ал «жеміс» жеке сөздің қызметін анықтайды. Ғалымның «Барша жаратылған Мұжудат осы екі жапырақтан тууымен өсіп-өнді. Онан туғаннан қанша жанды, жансыз нәрселер туды» дегеніне қарап, ғалым тұжырымдарынан лингвобиологиялық ынтымақтастықты тарқатуға болады. Мәшһүр шығармашылығының зерттеуге түспей жүрген тұсы – осы. Әйтпегенде «Сөз бір хамаң бау бостан болды да, тіл ол шаманың лаласы болды. Ол сөзден өлген көңіл тіріліп, рух пақ тапты. Кейбір сөз біредің көңілін өлтіретұғын болды. Мұндай бір көңілді тіріліп, бір көңілді өлтіретін сөз иесі болған жанды несін айтасың, айтпай-ақ қой» [11, 30] тұжырымы адамның жаратылуын ғана емес, сол адам жаратылуымен бірге қанат жайған тілдің қызметін көрсетеді. Бұлай болмағанда «Қарасын қылым кәф болды, Дәуіт нон болды. Бұл екеуінің себебімен жазылып шыққан сөздер – қағаз бен сияның қаралығы тән болса, оған жан есебінде болды» демесе керек еді. Ғалым пайымдауында, кәф бен нонның қосындысы «күне» болып шығады.

Қорытынды

Саралай келе, қазақ ойшылының көп тұсы сөз ұғымының философия ілімінен аларлық санатқа ілігуінде болса керек. «Өйткені дүние өзгерісте. Өзгерістегі әлем дыбыс шығарады. Сол дыбыстардың реті бар. Дыбыстар жайдан-жай шықпайды. Қандай нәрсе болмасын, сол дыбыстардың ретіне байланысты» – дейді Ғ.Есім [12, 18]. Сондықтан да М. Ж. Көпейұлы ғалымдығы қатарына оның қазақ тіліне қатысты ой-тұжырымдарын жатқызуға болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2021–23 жылдарға арналған АР09260188 гранттық жобасы аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Puzzle-english.com [Электронды ресурс]. – <https://puzzle-english.com>
- 2 **Matthias, A. Sh.** The History of the First English newspaper [Text]. University of North Carolina Press. Journal Article : «Studies in Philology». Vol. 29, No. 4, 1932. 551–587 pp.
- 3 **Көпейұлы, М. Ж.** Энциклопедия [Текст]. – Павлодар, 2010. – 704 б.
- 4 Энциклопедия «Айқап» / Бас редактор Р.Нұрғалиев [Текст]. – Алматы, 1995. – 366 б.
- 5 Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер [Текст]. – Алматы, 1993. – 232 б.
- 6 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі [Текст]. – Астана, 2005. – 144 б.
- 7 **Абасилов, А.** Әлеуметтік лингвистика сөздігі [Текст]. – Қызылорда, 2008. – 145 б.
- 8 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы [Текст]. 15-том. – Павлодар, 2013. – 340 б.
- 9 **Кайдаров, А. Т.** Структура односложных корней и основ в казахском языке [Текст]. – Алматы, 2005. – 304 стр.
- 10 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы [Текст]. 11-том. – Павлодар, 2013. – 418 б.
- 11 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы [Текст]. 13-том. – Павлодар, 2013. – 412 б.
- 12 **Есім, Ф.** Ғұламе наме. Трилогия [Текст]. – Астана, 2019. – 640 б.

References

- 1 Puzzle-english.com [Electronic resource]. – <https://puzzle-english.com>
- 2 **Matthias, A. Sh.** The History of the First English newspaper [Text]. University of North Carolina Press. Journal Article : «Studies in Philology». Vol. 29, No. 4, 1932. 551–587 pp.
- 3 **Kopeiuly, M. J.** Entsiklopedia [Encyclopedia] [Text]. – Pavlodar, 2010. – 704 p.
- 4 Entsiklopedia «Aiqaq» / Bas redactor R.Nurgaliev [«Aiqaq» encyclopedia] [Text]. – Almaty, 1995. – 366 p.
- 5 Qazaq tili zhonindegi revoliutsiadan buryngy zertteuler [Pre-revolutionary research on the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1993. – 232 p.
- 6 Qazaq bilimpazdaryнын tungysh ciezi [The first congress of Kazakh educators] [Text]. – Astana, 2005. – 144 p.
- 7 **Abasilov, A.** Aleumettik lingvistika sozdigi [Dictionary of social linguistics] [Text]. – Qyzylorada, 2008. – 145 p.

8 **Kopeiuly, M. J.** 20 tomlyq shygarmalar zhinagy. 15-tom [Collection of works in 20 volumes] [Text]. – Pavlodar, 2013. – 340 p.

9 **Kaidarov, A. T.** Struktura odnoslozhnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 2005. – 304 стр.

10 **Kopeiuly, M. J.** 20 tomlyq shygarmalar zhinagy. 11-tom [Collection of works in 20 volumes] [Text]. – Pavlodar, 2013. – 418 p.

11 **Kopeiuly, M. J.** 20 tomlyq shygarmalar zhinagy. 13-tom [Collection of works in 20 volumes] [Text]. – Pavlodar, 2013. – 412 p.

12 **Esim, G.** Gulama name. Trilogia [Gulama name] [Text]. – Astana, 2019. – 640 p.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

**Б. Сағындықұлы*¹, *А. А. Адамова*², *Б. С. Нурсеитова*³, *А. М. Абасилов*⁴

^{1,2,3}Павлодарский педагогический университет имени Алкей Маргулан,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁴Кызылординский университет имени Коркыт ата

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Принято к изданию 30.11.23.

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ИДЕЙ М. Ж. КОПЕЕВА В ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ (НА ПРИМЕРЕ «КИРГИЗСКАЯ СТЕПНАЯ ГАЗЕТА»)

В статье рассматриваются межнаучные высказывания поэта, мыслителя, историка-этнографа, востоковеда М. Ж. Копеева об общественном значении и функции казахского языка. Авторы считают, что Маишхур Жусуп был хорошо осведомлен о различных областях языкознания, всесторонне рассматривал и рассуждал о них в междисциплинарном характере. Он обращал внимание и анализировал вопросы, касающиеся грамматического строя языка, языковой культуры, истории языка, его социальных аспектов, а также его связи с другими областями науки. К сожалению, его лингвистическое наследие до сих пор не изучено и не привлечено к вниманию исследователей различных отраслей, в том числе лингвистов. В связи с этим авторы статьи считают, что его аргументированные взгляды на соотношение лингвистики и естествознания должны побудить исследователей задуматься.

В статье также ставится задача инвентаризации, периодизации, систематизации произведений Маишура Жусупа, опубликованных в «Киргизской степной газете». На сегодняшний день энциклопедия о деятельности поэта-мыслителя, изданная в 2010 году, и собрание сочинений в 20 томах, изданное в 2013 году, не полностью охватывают статьи Маишура Жусупа в названной газете. В качестве одного из них авторы статьи отмечают, что нашли статью М. Ж. Копеева, касающуюся казахского языка, в которой рассматриваемые вопросы имеют большое значение и сейчас. Эта статья «К вопросу о тюркских наречиях», опубликованная в «Киргизской степной газете», в то время считалась ценным произведением, отражающим опасность заимствования слов из других языков.

В заключение следует отметить, что главным направлением, основной мыслью Маишура Жусупа является очень ответственное отношение казахского народа к языковой культуре, а также то, что казахский язык по сравнению с другими языками служил языком искусства.

Ключевые слова: Маишур Жусуп, «Киргизская степная газета», общественно-культурная категория, лингвобиология, социология, история языка, культура слова, грамматика.

*B. Sagyndykuly¹, A. A. Adamova², B. S. Nurseitova³, A. M. Abasilov⁴

^{1,2,3} Pavlodar pedagogical

University named after Alkey Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁴Kyzylorda University named after Korkyt ata),

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Accepted for publication on 30.11.23.

INTERPRETATION OF M. ZH. KOPEEV'S IDEAS IN A JOURNALISTIC CONTEXT (ON THE EXAMPLE OF «KYRGYZ STEPPE NEWSPAPER»)

The article examines the inter-scientific statements of the poet, thinker, historian-ethnographer, orientalist M. Zh. Kopeev about the social significance and function of the Kazakh language. The authors believe that Mashkhur Zhusup was well aware of various fields of linguistics, comprehensively considered and discussed them in an interdisciplinary manner. He paid attention to and analyzed issues related to the grammatical structure of the language, language culture, the history of the language,

its social aspects, as well as its connection with other fields of science. Unfortunately, his linguistic heritage has not yet been studied and has not been brought to the attention of researchers in various fields, including linguists. In this regard, the authors of the article believe that his reasoned views on the relationship between linguistics and natural science should encourage researchers to think.

The article also sets the task of inventory, periodization, systematization of Mashkhur Zhusup's works published in «Kyrgyz Steppe Newspaper». To date, the encyclopedia on the activities of the poet-thinker, published in 2010, and the collection of works in 20 volumes, published in 2013, do not fully cover the articles of Mashhur Zhusup in the named newspaper. As one of them, the authors of the article note that they found an article by M. Zh. Kopeev concerning the Kazakh language, in which the issues under consideration are of great importance even now. This article «On the question of Turkic Dialects», published in «Kirghiz Steppe Newspaper», was considered a valuable work at that time, reflecting the danger of borrowing words from other languages.

In conclusion, it should be noted that the main direction, the main idea of Mashkhur Zhusup is a very responsible attitude of the Kazakh people to the language culture, as well as the fact that the Kazakh language, in comparison with other languages, served as the language of art.

Keywords: Mashkhur Zhusup, «Kyrgyz Steppe Newspaper», socio-cultural category, linguobiology, sociology, language history, word culture, grammar.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz